# АКЦИЯЛАР ШЫҒАРУ ПРОСПЕКТІСІ

## «Атамекен-Агро» акционерлік қоғамы

## «Атамекен-Агро» АҚ

Уәкілетті органның жарияланған акциялардың шығарылуын мемлекеттік тіркеуі проспектіде сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты инвесторлардың қандай да бір ұсынымдар беруін білдірмейді. Жарияланған акциялардың шығарылуын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған уәкілетті орган осы құжатта қамтылған ақпараттың шынайылығына жауапкершілік көтермейді. Акциялар шығару проспектісі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуіне ғана қарастырылды. Акционерлік қоғамның лауазымды адамдары осы проспектіде қамтылған ақпараттың шынайылығына жауапкершілік көтереді және онда берілген барлық ақпараттың шынайы болып табылатынын және инвесторларды қоғам мен оның орналастырылатын акцияларына қатысты адастырмайтынын растайды.

# 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

**2. *Эмитенттің атауы.***

| Атауы | Толық | Қысқартылған |
|---|---|---|
| қазақ тілінде | «Атамекен-Агро» акционерлік қоғамы | «Атамекен-Агро» АҚ |
| орыс тілінде | Акционерное общество «Атамекен-Агро» | АО «Атамекен-Агро» |

***Қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар мен акционерлік қоғамға қатысты құқық мирасқорлығы туралы мәлімет***

| Тіркелген / қайта тіркелген күні | Толық атауы | Қысқартылған атауы |
|---|---|---|
| 03 қыркүйек 2003 жыл | «ҚазАгроТрейд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | «ҚазАгроТрейд» ЖШС |
| 13 желтоқсан 2003 жыл | «ҚазАгроТрейд+» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | «ҚазАгроТрейд+» ЖШС |
| 26 қыркүйек 2008 жыл | «Атамекен-Агро» акционерлік қоғамы | «Атамекен-Агро» АҚ |

**3. *Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу туралы) мәлімет.***

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Ақмола облысы әділет департаменті берген 2008 жылғы 26 қыркүйектегі № 8839-1902-АҚ заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

**4. *Салық төлеушінің тіркеу нөмірі***

**032 600 218 911**

**5. *Компанияның орналасқан жері туралы ақпарат, байланыс телефондары мен факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы***

| | |
|---|---|
| Заңдық мекенжайы | Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, 020000, Көкшетау қ, жаңа ет комбинаты ауданы, д.у. 30 |
| Нақты мекенжайы | Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, 020000, Көкшетау қ, жаңа ет комбинаты ауданы, д.у. 30 |
| Коммуникациялық деректемелері | Тел.: 8 /7162/ 77 56 25, факс: 77 56 24<br>e-mail: info@atameken-agro.kz<br>www.atameken-agro.kz |

**6. *Акционерлік қоғамның банктік деректемелері.***

| |
|---|
| **«БТА Банк» АҚ-ның «Астана» филиалында ИИК 027467885, Астана қаласы, БИК 195 301 304** |
| **«БТА Банк» АҚ-ның Көкшетау филиалында ИИК 035 467 437, Көкшетау қаласы, БИК 192 401 304** |

### 7. *Акционерлік қоғамның қызмет түрлері*

«Атамекен-Агро» АҚ Жарғыға сәйкес мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Жерді пайдаланып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, осы өнімді қайта өңдеу және сату;
- көлік-экспедиторлық қызмет көрсету;
- ғимарат құрылыстарын салу және жөндеу;
- халыққа ақпараттық, консультациялық қызмет көрсетулерді ұсыну;
- сауда-сатып алу, коммерциялық, делдалдық қызмет;
- өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді және халық тұтынатын тауарларды өндіру және сату;
- фирмалық магазиндер желісі арқылы тамақ өнімдерін, халық тұтынатын тауарларды көтерме және бөлшек сатуды ұйымдастыру;
- дүкендер, соның ішінде комиссиялық саудаға арналған дүкендер, супермаркеттер ашу;
- қоғамдық тамақтану нүктелерін, соның ішінде дәмхана, бар, мейрамханалар және т.б. ашу;
- халыққа тұрмыстық қызмет көрсету;
- құрылыс, жөндеу, монтаждау және іске қосу-реттеу жұмыстарын орындау;
- тұрғын үй, мәдени және әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілер салу;
- экспорттық-импорттық қызмет;
- маркетинг, инжиниринг, менеджмент бойынша қызмет;
- АЭС, ТҚК, автоқызмет көрсету ;
- теміржол көлігі тұйықтарында жүктерді түсіру, тиеу;
- мұнай өңдейтін өнеркәсіп өнімдерін сату және сатып алу;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және сату;
- ағаш өңдеу өнеркәсібі ;
- заңнамада белгіленген тәртіппен сыртқы экономикалық қызмет;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызмет

### 8. *Халықаралық рейтингтік агенттіктердің және (немесе) Қазақстан Республикасы рейтингтік агенттіктерінің акционерлік қоғамға берген рейтингілерінің немесе олардың шығарған бағалы қағаздарының болуы туралы мәлімет. Қаржы агенттігі мәртебесінің берілуі туралы мәлімет.*

«Атамекен-Агро» АҚ акциялар шығару проспектісін дайындаған сәтте халықаралық рейтингтік агенттіктердің немесе Қазақстан Республикасы агенттіктерінің рейтингтік бағасы болған жоқ. Қаржы агенттігі мәртебесі берілген жоқ.

### 9. *Акционерлік қоғамның барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркеу күні, орналасқан жері және пошталық мекенжайы*

Акциялар шығару проспектісін дайындаған сәтте Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

### 10. *Тиісті алқаға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсетіп, компанияның қаржылық есеп аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдарының толық ресми атауы*

«ALMIR CONSULTING» ЖШС, Жарғының, 1999 жылғы 27 қарашадағы № 0000014 аудиторлық қызмет көрсетуге мемлекеттік лицензияның негізінде әрекет етеді, аудитор Жанспаева Х.Ж. (2000 жылғы 28 ақпанадағы № 0000041 біліктілігік куәлігі).

Компания «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға және қаржылық ұйымдарға міндетті аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымдарға

қойылатын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 3 қарашадағы № 434 бұйрығымен белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

***11. Корпоративтік басқару кодексі қабылданған күн.***

«Атамекен-Агро» АҚ-ның корпоративтік басқару кодексі әзірленуде.

## 2. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕР

***12. Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі.***

30.09.2008 жылы Директорлар кеңесі құрылған жоқ.

***12.1 қоғамның директорлар кеңесінің комитеттері.***

Проспектіні дайындаған күні Эмитентте Директорлар кеңесінің комитеттері болған жоқ.

***13. Акционерлік қоғамның атқарушы органы - Басқарма***

2008 жылғы 30 қыркүйекте «Атамекен-Агро» АҚ атқарушы органы бекітілген жоқ. «Атамекен-Агро» АҚ-ның қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға және Қоғамның органдарын құрғанға дейін үшінші тұлғалардың алдында оның мүддесін білдірге уәкілеттік ететін тұлға – Джазин Фархад Амангельдыевич («Атамекен-Агро» АҚ құрылтайшылар жиналысының 2008 жылғы 31 наурыздағы шешімі).

| Т.А.Ә. және туған жылы | Қазіргі кезде және соңғы үш жылдағы атқарған лауазымдары хронологиялық тәртіппен | Эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлесі |
|---|---|---|
| Джазин Фархад Амангельдыевич, 1968 ж.т.. | Тамыз 2005 – қыркүйек 2008 - «ҚазАгро Трейд+» ЖШС, Бас директор<br>Шілде 2005 – тамыз 2005 - «КазАгроТрейд+» ЖШС, директордың өндіріс жөніндегі орынбасары<br>Қаңтар 2005 – маусым 2005 - «Агрофирма TNK» ЖШС, бас агроном<br>Мамыр 2000 – қаңтар 2005 - «Агрофирма TNK» ЖШС, директордың өндіріс жөніндегі орынбасары | Жоқ |

***14. «Астана-финанс» кредиттік компаниясы» АҚ-ның Директорлар кеңесі мен Басқармаға төлеген сыйақысы мен жалақысының,сонжай-ақ жеңілдіктерінің жалпы сомасы***

«ҚазАгроТрейд+» ЖШС байқау кеңесінің мүшелеріне 2007 жылғы қазан мен 2008 жылғы қыркүйек аралығындағы кезеңде сыйақы, жалақы және жеңілдіктер төленген жоқ және берілген жоқ.

2007 жылғы қазан мен 2008 жылғы қыркүйек аралығындағы кезеңде «ҚазАгроТрейд+» ЖШС Бас директоры Ф.А.Джазинге 4 800 000 теңге мөлшерінде сыйақы төленді.

***15. Акционерлік қоғамның ұйымдық құрылымы***

1) Акционерлік қоғамның құрылымдық бөлімшесі:

Қоғамның ұйымдық құрылымы әзірленуде.

2) акционерлік қоғам қызметкерлерінің жалпы саны:

| | |
|---|---|
| Эмитент қызметкерлерінің саны | 43 |

3) акционерлік қоғамның акцияларын иеленген акционерлік қоғам қызметкерлерінің жалпы саны және орналастырылған акциялардың жалпы санынан пайыздағы олардың жиынтық үлесі:

«Атамекен-Агро» АҚ қызметкелері акционерлік қоғамның акцияларын иеленбейді.

4) Акционерлік қоғамның бөлім басшылары туралы мәлімет:

| № | Бөлімнің атауы | Басшының Т.А.Ә. |
|---|---|---|
| **1.** | Әкімшілік-шаруашылық блок | Джазин Фархад Амангельдыевич |

5) Филиалдар мен өкілдіктер туралы мәлімет

«Атамекен-Агро» АҚ-да филиалдар мен өкілдіктер жоқ.

***16. Акционерлік қоғамның құрылтайшылары (акционерлері)***

| Құрылтайшылардың толық атауы | Құрылтайшылардың орналасқан жері | Құрылтайшыларға алдын ала төленген акциялар саны |
|---|---|---|
| «Талага» ЖШС | Алматы қ, Қонаев көшесі, 66 | 4 500 162 |
| Юрченко Евгений Викторович | Астана қ, Сейфуллин көшесі, 63 | 4 500 162 |
| **Барлық акционерлер** | **2** | **9 000 324** |

***17. Акционерлік қоғам ірі акционер (қатысушы) болып табылатын – ұйымның орналастырылған акцияларының он және одан көп пайыздарын (жарғылық капиталдағы үлесін) иеленетін ұйымдар туралы мәлімет***

| Заңды тұлғаның толық атауы | Заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы эмитенттің үлесі | Қызмет түрі | Орналасқан жері (толық пошталық мекенжайы) | Бірінші басшының Т.А.Ә. |
|---|---|---|---|---|
| «Атамекен-Агро-Тимирязево» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 91,2% | Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру | Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Докучаево селосы | Сапулатов Каертар Аипович |
| «Атамекен-Агро-Корнеевка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 51,0% | Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру | Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы. Корнеевка селосы | Бейсембаев Толқын Сұрағанұлы |

***18. Қоғам қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.***

30.09.2008 жылы Қоғам өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтарға, холдингтерге, концерндерге, қауымдастықтарға, консорциумдарға қатыспайды

## 19. *Акционерлік қоғамның басқа үлестес тұлғалары*

а) Эмитенттің лауазымды адамдары үлестес тұлғалары туралы мәлімет

| Эмитент лауазымды тұлғаның ТАӘ | Лауазымды адамдармен жақын туыстықта тұрған адам: ата-аналары, жұбайы, апасы, ағасы, ұлы, қызы (ТАӘ) | Эмитенттің үлестес тұлғасы болып табылатын жеке адаммен жекжаттылығы (аға, апа, ата-анасы, ұлы немесе қызы) жұбайы (ерлі-зайыптылар) |
|---|---|---|
| Юрченко Евгений Викторович | Юрченко Виктор Александрович<br>Юрченко Людмила Владимировна<br>Юрченко Юрий Викторович<br>Крета Елена Владимировна<br>Крета Владимир Степанович<br>Крета Татьяна Михайловна | Әкесі<br>Анасы<br>Ағасы<br>Зайыбы<br>Зайыбының әкесі<br>Зайыбының анасы |
| Мустафин Аслан Еркінұлы, 100 % қатысушы «Талага» ЖШС | | |

## 20. Қоғамның үлестес тұлғаларымен мәмілелер

| Контрагенттің атауы | Мәмілелер түрі | Мәмілелер сомасы, мың. тенге |
|---|---|---|
| «Атамекен-Агро-Тимирязево» ЖШС | Бидай сатып алу | 59 919 |
| «Атамекен-Агро-Корнеевка» ЖШС | Бидай сатып алу | 715 755 |

# 3. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІН СИПАТТАУ

## 21. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлерін қысқаша сипаттау, акционерлік қоғам конкуренті болып табылатын ұйымдар туралы мәлімет

Эмитент компаниялары өз қызметін 2004 жылдан бастағанына қарамастан, қазіргі кезде бар материалдық-техникалық базамен және пайдалануда ауыл шаруашылығы алқаптары болуына қарағанда топ қызметінің негізгі түрі бидай өндіру және сату болып табылатын ірі ауыл шаруашылығы құралымына жатады.

Эмитент конкуренті болып табылатын ұйымдар туралы мәлімет.

Қазақстанда бидай дақылын өндірумен және сатумен көптеген заңды тұлғалар және шаруа (фермер) қожалықтары айналысады. Анағұрлым табыстылары бидайды өсіруден дайын өнімді сатып алушыға жеткізгенге дейінгі өндірістік толық технологиялық мүмкіндігі бар холдингке біріккен ауыл шаруашылығы кәсіпорны болып табылады. Неғұрлым тұрақтылыққа және өндірісті әртараптандыруға қол жеткізу үшін холдинг өнеркәсібіне қызметі бидай өндіріумен және сатумен тікелей және жанама байланысты әртүрлі деңгейдегі кәсіпорындар кіреді:

- тікелей астық өндірушілер;
- астық өндірісіне қызмет ететін кәсіпорындар (ЖЖМ, улыхимкаттарды, гербицидтерді жеткізушілер, автокөлік кәсіпорыны ауылшарушылығы техникасын жеткізу және

қызмет көрсету жөнінде дилерлік кәсіпорын, агросервис, тұқым шаруашылығы және т.б.);

- бидай сақтау және сату кәсіпорны (бидай трейдері, элеваторлар);
- өңдейтін кәсіпорындар (ұнтарту, нантоқаш және макарон өндірісі);
- бидайдың өңделген өнімдерін шикізат ретінде пайдаланатын кәсіпорын (тамақөнеркәсібі, ет және сүт мал шаруашылығы және т.б).

Қазіргі уақытта Қазақстанның бидай рыногында ірі холдингке 1000 га астам жыртылатын жерді дәнді-дақылдар өсіруге пайдаланатын құрылымды жатқызуға болады.

| Атауы | Бидай өсіретін өңірлер | Қызметінің негізігі түрлері | Бидайдың егістік алқабы |
|---|---|---|---|
| «КазЭкспортАстык»ЖШС | СҚО, Ақмола обл. | Дәнді-дақылдар өндірісі | 400 000 га |
| «Иволга» ЖШС | Қостанай обл. | Дәнді-дақылдар өндірісі | 530 000 га |
| «Алиби-Агро» ЖШС | СҚО и Ақмола обл. | Дәнді-дақылдар өндірісі | 270 000 га |
| «Агроцентр-Астана» ЖШС | Ақмола А обл. | Дәнді-дақылдар өндірісі | 240 000 га |
| «Атамекен-Агро» ЖШС | СҚО | Дәнді-дақылдар және май өндірісі | 212 000 га |
| «Карасу» ЖШС | Костанайская обл. | Дәнді-дақылдар өндірісі | 170 000 га |
| «ЦелинаАгро» ЖШС | Ақмола обл. | Дәнді-дақылдар өндірісі | 50 000 га |
| «Заречное» ОӨШ | Костанайская обл. | Дәнді-дақылдар өндірісі | 34 751 га |
| «Новоникольское» ЖШС | Ақмола обл. | Дәнді-дақылдар өндірісі | 18 000 га |
| «Свободное» ЖШС | Ақмола обл. | Дәнді-дақылдар өндірісі | 17 064 га |
| «Москворецкое» ЖШС | СҚО | Дәнді-дақылдар өндірісі | 14 500 га |

«КазАгроТрейд» ЖШС басқа барлық жоғарыда аталған құралымдар қазақстан бидай рыногында он жылдар астам уақыт жұмыс істейді.

Қазақстан бойынша ортасалалық (ортаәлемдік) эмитент қызметіне салыстырма сипаттама

Саланың даму болжамы және саладағы эмитент жай-күйі

Бидай өндірісінің жай-күйі елiмiздiң топырақ-климат жағдайына байланысты. Топырақтың түрі, ауаның температурасы, жауын-шашынның саны және бөлінуі ауыл шаруашылығы кәсіпорындары қызметінің бағытын, саланың қызмет ету тиімділігін анықтайтын көрсеткіштер болып табылады. Неғұрлым жақсы егіншілік аудандар қара топырақты, күңгірт каштан және каштан топырақтармен Қазақстанның солтүстік аумағы, сондай-ақ шалғын топырақты оңтүстік аудандар болып табылады. Ылғалмен қатылу көрсеткіштеріне (жылдық жауын-шашын деңгейі) сүйене отырып, дәнді-дақылдар өсіруге неғұрлым қолайлы қазақстанның солтүстік аудандары, сондай-ақ оңтүстіктің тау бөктері болып табылады. Эмитент компаниялары топтарының ауылшаруашылық алқабы ҚР Солтүстік қазақстан облысында орналасқан.

Сонымен қатар Қазақстанның солтүстік өңірлерінде ылғалдың жетіспеуі өзекті болып қалуда және бидайдың шығымдылығына тікелей әсер етеді. Ылғал жетіспеген жағдайда бидай өсіру тенлогиясы маңызды роль атақарады. Аңыз бойынша бірден егудің қазіргі заманғы технологиясы (эмитент компаниялары топтарында қолданылатын) ылғалды , гумусты сақтап қана қоймай, эрозияны болдырмай, аңыз бойынша алқапта қалатын қорек заттарды сақтауға, оны арзандатады, еңбектің, тыңайтқыштың, техниканың және ЖЖМ аз кетуіне мүмкіндік береді. Бұл технология Қазақстанның климат жағдайында бидай өндірудің тұрақтылығын арттырады. Топырақты өңдеудің қазіргі заманығ технологиясын қолдана отырып эмитент компания топтары қалған дәстүрлі агротехниканы пайдаланатын бидай ндірушілердің алдында басымдыққа ие болады.

- Бидай саласындағы үрдістер

Шаруашылықтың барлық санатындағы егін егу алқабы мың га

| | 2000ж | 2001жг | 2002 ж | 2003жг | 2004 ж | 2005 ж. | 2006ж. | 2007ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Барлық егістік алқабы | 16 195 | 16 785 | 17 756 | 17 454 | 18 036 | 18 400 | 18 400 | 18 900 |
| Дәнді-дақылдар өсіру | 12 438 | 13 209 | 14 023 | 13 873 | 14 278 | 14 800 | 14 800 | 15 400 |
| Эмитент компаниялары топтарының егістік алқабы | - | - | - | - | 125 | 131 | 50 | 54 |

Астық өсіру алқабы бидай, қара бидай, арпа, жүгері, сұлы, тары, қара құмық және дәнді бұршақты қамтиды.

1991 жылдан бастап барлық ауылшаруашылығын өндірушілердің ауыл шаруашылығы алқабы шамамен 2.0 есеге, астық өсіру – 1,6 есеге қысқарды, бұлнарықтық шаруашылықтың қарқынды нысанына ауысуға және кәсіпорындарда айналым капиталының жетіспеуіне байланысты. Сонымен қатар 2000 жылдан бастап егіс алқабының өсу үрдісі байқалды. Егіс алқабы ауқымының өзгеру сипаты астық өндірісінің тұрақталғандығын білдіреді.

2008 жылдың 1 жарты жылдығында эмитент компанияларының топтары 54 мың.га ауылшаруашылығы алқабын өңдеді, соның ішінде 43 мың.га егілді, бумен -11мың. га өңделді.

Шаруашылықтың барлық санаттарындағы бидайдың жалпы жиналымы (пысықтағаннан соңғы салмақта)

| | 2000ж | 2001ж | 2002ж | 2003ж | 2004ж | 2005 ж. | 2006ж. | 2007ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жалпы жиналым, млн. тонн | 9,0 | 12,7 | 12,7 | 11,5 | 9,9 | 11,2 | 13,4 | 20,1 |

2007 г жылы бидайдың жалпы жиналымы – 20,1 млн. тонн. құрады

2002 жылғы бидайдың жалпы жиналымы 2000 жылмен салыстырғанда 1,4 есеге өсті және 12,7 млн. тонна бидайды құрады, алайда кейінгі жылдары 2004 жылы осы көрсеткіш 9,9 млн. тонн дейін төмендеген. Астықтың жалпы жиналымының төмендеуін егіс алқабының азаюымен, шығымдылықтың, өндірістік жағдайдың төмендеуімен түсіндіруге болады. 2005 жылдан бастап бидай жиналымының өскендігі байқалады және 2007 жылы - 20.1 млн. теңге рекордтық астық жиналды.

Егу мерзімдері бойынша бидай күздік және жаздық болып бөлінеді. Қазақстанның солтүстік өңірінде негізінен жаздық бидайды өсіреді, аймақтың жағдайы бидайдың қатты сорттарын өсіруге қолайлы, неғұрлым бағалы болып табылады, алайда бидайдың жұмсақ сорты соңғы 10 жыл ішінде бидайды жалпы өндірудің 90 % құрайды. Күздік бидайды негізгі жеткізуші Оңтүстік қазақстан болып табылады, бұл бидай келейковина мен протейннің аз құрамын қамтиды. Күздік бидай астығы бидай өндірісінің жалпы көлемінің 10% құрайды.

Астықтың шығымдылығы , ц/га

| | *2000ж* | *2001ж* | *2002ж* | *2003ж* | *2004ж* | *2005ж* | *2006ж.* | *2007ж.* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жалпы жиналымы, млн. тонн | 9,0 | 12,7 | 12,7 | 11,5 | 9,9 | 11,2 | 13,4 | 20,1 |
| Қазақстан бойынша бидайдың орташа шығымдылығы , ц/га соның ішінде | 9,0 | 11,8 | 10,9 | 10,3 | 8,4 | 9,5 | 11,3 | 13,3 |
| - күздік | 12,7 | 14,1 | 21,4 | 19,8 | 17,5 | 15,3 | 12,3 | 15,5 |
| - жаздық | 8,8 | 11,7 | 10,3 | 9,7 | 7,9 | 9,1 | 11,3 | 12,9 |
| Эмитент компаниялары топтарының жаздық бидайдың орташа шығымдылығы | - | - | - | - | 8,3 | 12,0 | 15,8 | 14,3 |

Эмитент компаниялары топтары бойынша бидайдың жалпы жиналымы 41 112 торна астықты құрайды, эмитенттің еншілес кәсіпорындар бойынша орташа шығымдылық 13,1 ц/га-дан 15,3 ц/га-ға дейін өзгерген. Топтар бойынша жаздық бидайдың орташа шығымдылығы 14,3ц/га құрайды. Бидай астығының тұрақты жоғары шығымы дайындалған (ласталған егіс) тыңайтқыштармен бірнеше жылдар қатарынан өңделген топырақта мүмкін. Топтар бойынша бидайдың 2007 жылғы орташа шығымдылығы Қазақстан бойынша орташадан жоғары болған.

Бидай өндірісін негізінен шектеуге мыналар жатады:

- Құралдардың тозуы және жетіспеуі;
- Агротехнологияларды сақтамау және ескірген тиімділігі аз технологияларды пайдалану,
- Өндіірстік технологияларды толық орындаужы, тыңайтқыштарды енгізуге, жоғары тұқымды, өсімдіктерді қорғау құралдарымен қамтамасыз ету үшін айналымда,ы құралдардың жетіспеуі;
- ауылда мамандардың жетіспеуі;
- өткізу рыногынан алыста болу, бидайды сақтаумен және сатумен байланысты күрделіліктер.

Топтардың ауылшаруашылығы кәсіпорынының бидай өсіру және жылсайын жоғары деңгейде астық алу үшін үлкен мүмкіндіктері бар:

- Пайдалануда қазіргі заманғы жоғары тиімді ауылшаруашылығы техникасы және ауылшаруашлығы техникасы мен құралын өндіру лидерлерінің автокөлігі бар (Jonh Deere, Buhler, Case New Holland компаниялары және т.б.).
- топтар кәсіпорны топырақтың өнімділігін арттыру түрінде топырақ қорғайтын тиімділігі бар жаңа технологияны нөлдік қолдануға ауысады. Және сонымен шығымдылықтың артуына, топырақты өңдеуде опреацияларды қысқартады, сонымен бидай өндіруге шығыстар азаяды, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі артады. Жаңа технологияны қолдану топтар шаруашылығында бар қазіргі заманғы ауылшартехникасын пайдалану кезінде мүмкін.
- Кәсіпорын штаты тәжірибелі және білікті қызметкерлерден құралған.
- 2005-2006жж. 3 бидай қоймасы пайдалануға берілді, бұл бидай сақтау шығысын азайтады және өндіріс табысын арттыруға мүмкіндік береді.

Астық сатудың коммерциялық қырлары

Бидай бағасы ауқымды шектерде өзгереді және көптеген көрсеткіштермен:

Астықтың көлемі, бидайдың сапасы, ел ішіндегі сұраныс пен ұсыныс, шетелдегі астықтың құны, бидай өндірісі және сату саласындағы мемлекеттік саясат, жыл маусымы, өсіру, сақтау орыны, қолданылатын өндіру технологиясымен анықталады.

Неғұрлым маңызды факторға астықтың әлемдік өндірісінің көлемі жатады.

АҚШ АШМ бағалары бойынша 2000-2004 бидайдың әлемдік өндірісі (млн. тонн)

| Атауы | 2004/2005 | | 2005/2006 | | 2006/2007 | | 2007/2008 | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Саны, млн. т. | Үлес. Салмағы, % | Саны, , млн. т. | Үлес. Салм , % | Саны, , млн. т. | Үлес. Салмағы , % | Саны, млн. т. | Үлес. Салмағы , % |
| Әлемдегі барлығы | 548,25 | 100,0 | 624,7 | 100,0 | 595,4 | 100,0 | 602,1 | 100,0 |
| ЕС | 92,0 | 16,8 | 122,7 | 19,6 | 117,7 | 19,8 | 123,3 | 20,5 |
| АҚШ | 63,6 | 11,6 | 57,3 | 9,2 | 49,3 | 8,3 | 56,2 | 9,3 |
| Канада | 22,0 | 4,0 | 26,8 | 4,3 | 25,3 | 4,2 | 20,6 | 3,4 |
| Аргентина | 13,0 | 2,4 | 12,5 | 2,0 | 14,6 | 2,5 | 15,0 | 2,5 |
| Қытай | 87,0 | 15,9 | 97,5 | 15,6 | 104,5 | 17,6 | 107,0 | 17,8 |
| Түркия | 17,2 | 3,1 | 18,0 | 2,9 | 20,5 | 3,4 | 18,5 | 3,1 |
| Қазақстан | 11,5 | 2,1 | 11,0 | 1,8 | 13,7 | 2,3 | 13,1 | 2,2 |
| Ресей | 34,0 | 6,2 | 47,7 | 7,6 | 44,9 | 7,5 | 46,3 | 7,7 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Украина | 4,0 | 0,7 | 18,7 | 3,0 | 13,9 | 2,3 | 13,8 | 2,3 |
| Басқалар | 203,95 | 37,2 | 212,5 | 34,0 | 191 | 32,1 | 188,3 | 31,3 |

***Қорлар мен бағалар***

Әлемдік қорды толықтыру:

- 1978 жылдан бастап ең төменгі маусымына арналған қорлар;
- Егер өндіріс болжамға сәйкес болса, қорлар 17 млн. тоннаға артады;
- 2007/2008жж. салыстырғанда, 6 негізгі экспорттаушыдағы 39% (16 млн.т.) маусымның соңына қордың артуы күтіледі

Американдық астыққа жіберілетін баға $303/тоннаға дейін өсу жалғасады (*маусым үшін өндіріс орташа тартылған жіберу бағасы*).

- Форвардтық сатылу бойынша рекордтық жоғарғы құны бағасы




*Көздер: Bloomberg ақпарат агенттігі*

Астықтың қарқынды оң өсім динамикасына қарамастан, тұтыну өсімі өндірістен басып озуда. Бұл бірінші кезекте биоотын, сондай-ақ Азияда тұтыну өсімінің артуына байланысты.

***Әлемдік өндіріс және астықты тұтыну***




*Көздер:АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігі*

Әлемде ең төменгі деңгейде астықтың қоры соңғы 30 жылға арналған, бұл факт бағаның өсіміне оң әсер етуде.

***Маусымның басынан бастап әлемдік қорлар - 1978 жылдан бастап ең төмен***




***Маусымның соңына қарай әлемдік қорлары және құндары***




*Көздер:АҚШ-тың ауыл шаруашылығы министрлігі*

Астыққа деген әлемдік құнның өсімі қазақстандық өндірушілерді тікелей қозғады. Қазақстан әлемдік нарықта астық рыногында және қазақстандық компаниялардың өндірісті өсірудің ірі қатысушысы болып алды. Отандық өндірушілер соңғы уақытта астықты экспортқа жиі-жиі шығара бастады, бұл ішкі нарықта бағаның өсуіне әкелді. Үкімет бағаны тұрақтандыру мақсатында астыққа уақытша тосқауылды енгізуге әкелді, оған қарамастан Қазақстандағы баға әлемдік бағаға сәйкес келеді.

Қазақстанда астықтың бағасын өзгерту үрдісі тоннасына АҚШ долларымен




*Көздер: «Казагромаркетинг»АҚ*

3-ші класты астықты сату бағасы элеватордан 01.10.2008ж. елдің ішкі рыногында 251 АҚШ долларына тееңелді.

Астықтың экспорттағы үрдісі

Қазақстанда өндірілген 20 миллион астықтан республиканың ішкі қажеттілігі 8,0 тоннаға дейін қажет. Экспорттауға орта есеппен 10-12 миллион тонна бар. Қазақстаннан экспорт үшін дәстүрлі нарық Ресей, Өзбекстан, Украина және Қырғызстан болып табылады. Жаңа және әлеуетті нарық Иран, Ауғанстан, Ирак және Африканың орта, шығыс және солтүстік елдері болып табылады.

Астық рыногы – ғаламдық деңгейде тез өсетін нарық болып табылады барлық көп елдер (Индия, Ресей, Украина) астықтың өндіріс көлемі артуда. Қазақстанға халықаралық нарықта жоғары бәсекелестік жасауға тура келеді. .

Қазақстаннан астық экспорты көп жағдайда Қазақстанның астық сапасыны халықаралық астық рыногына және бағамен бәсекелестік ете білу жағдайына байланысты. Дәстүрлі импортерлердің басым проблемалары және астықтың әлеуетті өндірушілерінің кейбіреулері олар оны өзін өзі қамтамасыз ету бөлігінде шегінде өндіреді. Ішкі саясатты ынталандыратын жақсы нәтижелер жылдарында импорттаудан бастап өзін-өзі қамтамасыз етуге дейін барады. Ресей, Қытай, Моңғолия, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан және Пакістан осы санатқа жатады. Қазақстан шығындардың мүмкін деңгейін және тиісінше экспорттық стратегияны әзірлеу деңгейін ескере отырып, осы елдердің астық өндіру перспективаларын бақылау қажет.

Халықаралық нарықта астықтың тұрақты жетіспеуі оған бағаның өсуіне алып келеді және қазақстандық астыққа мүдделі екендігіне себепші болады, Қазақстанда астық өндірісінің тиімділігін арттырады. Соңғы төрт жылда астықтың бағасына деген өсім ауылдық тауар өндірушілерге жіберуге, техникалық қайта жарақтандыруды бастауға тура келді, ауыл шаруашылығындағы капиталды инвестициялауға ықпал етті.

**22. Акционерлік қоғамның негізгі түрлері бойынша (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудың кірістілігіне оң және теріс ықпал ететін факторлар.**

*Топтардың кірістілігіне оң ықпал ететін негізгі факторлар:*

- мәдени дақылдардың өнімділігін арттыру;
- өнімдердің сату бағасын арттыру,
- шығындарды қысқарту,
- ресурс қорғаушы және топырақ қорғауды, астық өнімділігін бір мезгілде арттыруға мүмкіндік беретін нөлдік технологияны және өндірістің шығыстылығын төмендетуді қолдану,
- мәдени дақылдардың өсіміне ықпал ететін элиталық тұқымдарды пайдалану,
- қазіргі заманға сай астық сақтау, түрлі ылғалды астықтарды қабылдауға мүмкіндік беретін элеваторлардың болуы, астықты сақтау жөніндегі шығындарды төмендету,
- өндірісті диверсификациялау – тұрақты жоғары сұрауы бар мәдениет өндірісі және өндіріс рентабельділігі астықтыктан төмен. Бұдан басқа, агротехнологтардың талаптары бойынша астықтың солтүстік айналымына қатысатын мәдениет өндірісі.
- өнім экспорты,
- *Топтардың кірістілігіне теріс ықпал ететін негізгі факторлар:*
- астыққа, май өсіруге арналған бағаны төмендету
- астық және май өсіру дақылдарын төмендету
- шикізат пен материалдарға бағаның өсімі
- астық рыногында бәсекелестікті арттыру
- өндірісті кеңейтуге байланысты шығыстарды ұлғайту (жайылым алаңдары)
- өндірісмаусымы, өндіріс циклі мен өнімдерді сатудағы айырмасы

**23. Қоғамдағы және олардың әрекет кезеңі, зерттеуге және әзірлеуге арналған шығындар, соның ішінде қоғам қолдайтын зерттеу әзірлемелері бар лицензиялар (патенттер) туралы ақпарат.**

- Астана қаласының 29.05.2006ж әкімдігімен берілген пестицидтерді іске асыру жөніндегі қызметпен айналысудың № 0026947 Мемлекеттік лицензиясы,
- ҚР ауыл шаруашлығы министрлігі 08.10.2007ж агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетімен берілген экспортқа арналған астықты іске асыру жөніндегі қызметпен айналысудың № 0005424 Мемлекеттік лицензиясы.

**24. Соңғы екі жылда немесе акционерлік қоғамның нақты әрекет еткен кезеңінде (орындалған жұмыстар, қызмет көрсетулер) өнімдерді іске асыру көлемі.**

| Өнімнің атауы | 2005 жыл | 2006жыл | 2007 жыл | 01.10.2008 |
|---|---|---|---|---|
| | Саны, тонна | Саны, тонна | Саны, тонна | Саны, тонна |
| Астық | 2 592 | 8 000 | 71 571 | 75 361 |
| Рапс | | | 931 | 12 889 |
| Қара бидай | | 621 | 7 581 | 14 219 |
| Лен | | | | 999 |

**25. Өз өнімдерін сатуды ұйымдастыру бойынша қоғамның қызметі (жұмыстар, қызмет көрсетулер).**

***<u>Жеткізушілер</u>***

Топ компанияларының жеткізушілері бидайдың өндірісі үшін шикізатты және материалдарды іске асырушы, сондай-ақ минералдық тыңайтқыштар, улыхимикаттарды, ЖЖМ, техника мен жабдықтарға арналған бөлшектер шығаратын қазақстандық компаниялар болып табылады.

**Шикізат ресурстары мен қызмет көрсетулердің барынша ірі жеткізушілерінің тізімі:**

| Жеткізушілердің атауы | Тауар түрі | Жалпы көлемдегі үлес жеткізу, % |
|---|---|---|
| *«Сингента Казахстан»ЖШС* | Улыхимикат | 14 |
| *«Рамут» ЖШС* | Улыхимикаттар, гербицидтер | 4 |
| *«КанАгроЭкспорт» ЖШС* | Бөлшектер | 30 |
| *«Астана НАН» ЖШС* | Улыхимикаттар | 20 |
| *«СП Агросервис» ЖШС* | Бөлшектер | 11 |
| *«СТ Агро»ЖШС* | Бөлшектер | 10 |
| *«КазРосТрейдинг» ЖШС* | Бөлшектер | 9 |

Бидай өндірісі үшін шикізат пен материалдарға қажетті қол жетімділік мынадай себептерге байланысты:

1) ЖЖМ, тұқым, қазақстандағы минералдық тыңайтқыштар тапшы тауар болып табылмайды;

2) Эмитент үлкен ауқымда, өзінің еншілес кәсіпорындарын қамтамасыз ету үшін қажетті щикізаттар мен материалдарды орталықтандырып сатып алуды жүзеге асырады, ол басқа сатып алушылардың алдында басымдылыққа ие болып табылады;

3) Эмитент ақысын алдын ала төлейтін танымал, өздерін жақсы көрсете білген жеткізушілермен жұмыс істейді, сондықтан тауарды жеткізу немесе жеткізбеу деген жоқтың қасы;

4) Улы химикаттар мен қосалқы бөлшектер шет елдерде жасалынады, алайда қазақстандық дилер компаниялары іске асырады. Дилерлердің қажетті шикізатты жеткізу мүмкіндігі Қазақстан нарығының талаптарынан асып түсетінін айта кеткен жөн, ол дилерлердің шикізаттар мен материалдарды кейінен төлейтіндігіне немесе жасалған өнімді сатқан соң ғана төлемді төлеуіне байланысты;

5) нарықта нақты монополистер болмағандықтан, эмитеттің жеткізуші ұсынатын тауарының сапасына, бағасы мен шаттарына байланысты таңдау мүмкіндігі бар, яғни эмитет жеткізушіге онша тәуелді емес.

***Тұтынушылар***

Эмитеттің негізгі тауары – өзі өндірген дақыл және бидай тұқымы (еншілес кәсіпорын өндірген). Дақыл және бидай тұқымы ҚР Мемстандарттың 2 және 3 сыныбына сәйкес өндіріледі.

Эмитеттің негізгі өнімінің әлеуетті тұтынушылары:

- дақылды қайта өңдейтін кәсіпорындар;
- отандық және шетелдік трейдерлер;
- мемлекет дақыл сатып алуға уәкілеттік берген «Азық-түлік келісім корпорациясы» АҚ болып табылады.

Төменде дақылды сатып алушыларға сатудың ауқымы келтірілген.

| Кәсіпорынның атауы | Сатылған жалпы көлемдегі үлес, % | Тауардың түрі |
|---|---|---|
| *Nibulon S.A. (Нойхатель қ., Швейцария)* | 45,3 | Тауарлық бидай дақылы |
| *Alfred C. Toepfer international GMBH (Гамбург қ., Германия)* | 9,1 | Тауарлық бидай дақылы |

| | | |
|---|---|---|
| *ТОО «Magas Group» (Астана)* | 9,5 | Тауарлық бидай дақылы |
| *Горбунов ЖК (Петропавл)* | 5,9 | Тауарлық бидай дақылы |
| *Nidera Handelscompagnie B.V. (Ротердам қ., Нидерланды)* | 4,5 | Тауарлық бидай дақылы |

**26. Акционерлік қоғамның қызметіне ықпал ететін факторлар.**

1) **Мерзімдік сипаттағы қызмет түрлері, олардың акционерлік қоғамдағы пайдасының үлесі;**

Дақыл, май алатын өсімдіктерді өсіру мерзімдік сипатта болады: наурыз айынан бастап егін егу мерзімі басталады (ЖЖМ-ға шарттар жасау, тұқым, улыхимикаттар, қосалқы бөлшектер, ауыл шаруашылық техникаларын жөндеу және құрал-жабдықтар), мамыр айының ортасында егін егу компаниясы жұмыс істей бастайды, тамыз қыркүйек айларында астық жинау басталады, қараша айына дейін астықтың қалдығын жинау (подработка) болады. Ағымдағы жылдың дақылы (астықты тиеу) астықты жинаудың басында ғана дайын болады. Қабылданған стратегияларға байланысты өндірілген дақыл нарықтың қолайлы конъюктурасын күтіп астық қоймаларында ұзақ уақыт сақталуы мүмкін, әдетте дақылды күзден бастап келесі жылдың жаз айына дейін сатады. Топтың қызметінің негізгі түрі дақыл өндіру, жалпы табыстың астығын сатудан түсетін табыстың үлесі 90%-ды құрайды.

2) **Акционерлік қоғамға жеткізетін (көрсететін) шикізатты (жұмыстар, қызмет көрсетулер) импорттаудың үлесі және акционерлік қоғам экспортқа сататын өнімнің (жұмыс, қызмет көрсету) сатылатын өнімнің жалпы көлеміндегі үлесі;**

Эмитеттің өнімін сатудан жалпы көлемдегі шикізаттың экпорт үлесі 2007/2008 жылы 69,8% пайызды құрады.

3) **Акционерлік қоғамның сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер. Нәтижелері бойынша акционерлік қоғамның қызметін тоқтатуына немесе өзгеруіне әкеп соқтыратын, одан ақшалай немесе өзге де міндеттер өндіріп алынған жағдайлар бойынша сот процестерінің денін сипаттау;**

Эмитент сот процестеріне қатыспайды.

4) **Акционерлік қоғам мен оның лауазымды тұлғаларына уәкілетті мемлекеттік органдар және (немесе) соттар соңғы жылдары салған барлық әкімшілік өндіріп алулар туралы мәліметтер;**

Эмитетке және оның лауазымды тұлғаларына әкімшілік өндіріп алулар салынған емес.

5) **Тәуекел факторлары.**

- Экономикалық

| | |
|---|---|
| Әлемдік астық рыногында, әсіресе ТМД-нің (Ресей, Украина) астық | Қазақстандық экспортқа шығарылатын астықтың негізгі бөлігі ТМД-ның астық нарығының үлесінде. Ресей мен Украинада астық (дақылы) көп болған кезде қазақстанның дақылына сұраныс төмендейді, тиісінше бағасы да төмендейді. |

| | |
|---|---|
| рыногында бәсекелестіктің қатаңдауына байланысты тәуелкелдер | Қазақстанның астығына баламалы тұтыну нарығы іздестіріліп жатыр. Жаңа және әлеуетті нарық Иран, Ауғанстан, Ирак және Африка елінің орта, шығыс және солтүстік елдері болып табылады. |
| Ішкі нарықтағы бәсекелестіктің қатаң болуына байланысты тәуекелдер | Қазақстанның нарығында «ҚазАгроТрейд+» ЖШС компаниясының топтары үшін ірі астық холдингілері бәсекелес орта құрады. Эмитеттің бәскелестер алдындағы басымдылығы тәжірибеден өткен:<br>- тұрақты жоғары дақыл алуға;<br>- тікелей шығындарды дақылды қарапайым өңдейтін технологиялармен салыстырғанда 30%-ға төмендетуге, сонымен қатар ішкі нарықта өзінің өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін алдыңғы озық агротехнологияларды қолдану болып табылады.<br>Тәуекелдің осы түрін жою үшін тұтынудың жаңа түрлерін іздестіру жұмысы жүргізіліп келеді. |
| Егін егуге және астық жинауға қажетті шикізаттар мен материалдар бағасының өсуі | Тәуекелді сақтандыру, арзандатылған ЖЖМ-ға, минерал тыңайтқыштарға бюджеттік несиелендіруді алуға тендерлерге қатысу арқылы, айналымдағы капиталды толықтыру арқылы тосқауылдардың алдын алу. |
| Астықты сатуға байланысты тәуекелдер | Астықты Сатып алушыға жеткізу үшін темір жол вагондарының жетіспеуі, темір жол тарифтерінің, астықты сатуға байланысты басқа да қызметтердің қымбаттауы, сондай-ақ өнімді сату мүмкіндігіне ықпалын тигізеді. |

- Саяси

| | |
|---|---|
| Астықты шет елге шығаруға мемлекеттік шектеулер. | Егер сыртқы астықтың нарықтық бағасы ішкі нарықтың бағасынан қымбат болған жағдайда астықты экспортқа шығару көлемі артады, мұндай жағдайда уәкілетті мемлекеттік органдар астықты шет елге шығаруға шектеу қоя алады, сөйтіп астықтың сату көлемін кемітеді.<br>Бұл шара кем қолданылады. өйткені «Азық-түлік келісім корпорациясы» АҚ ағымдағы жылғы көктемгі дала жұмысы басталғанға дейін мемлекеттің резерві үшін қажетті астықты сатып алады. |
| Мемлекетке бекітілген баға бойынша астық сату | Нарықтық бағадан төмен бағамен «Азық-түлік келісім корпорациясы» АҚ-ның астығын сатып алатын мемлекеттік сатып алушыға астық сатуға мәжбүрлеу.<br>Бюджеттік несиелендіру, әртүрлі субсидиялар, ауыл шаруашылық өндірушілеріне жеңілдіктер берген кезде соңғылары мемлекеттік уәкілетті органға бекітілген бағамен тиісті төмен бағамен астық сатуды міндетіне алады. Айналым капиталын толықтыру үшін баламалы қаржы көздерін іздестіру, сонымен табысты арттыру мақсатында сатып алушылар таңдау мүмкіндігі. |

- Экологиялық факторлар

| | |
|---|---|
| Астықтың түсімділігіне ықпал ететін топырақтың құнарлылығының кемуі | Топырақтың құнарлылығының төмендеуі желдің, эррозияның, тыңайтқыштың аздығынан, топырақта минерал заттарының (гумус) жетіспеуінен болуы мүмкін.<br>Осы тәуекелдерді қазіргі заманғы агрономиялық қолданулар арқылы жоюға болады:<br>- топырақты өңдеудің төмен деңгейі,<br>- улы химикаттарды, тыңайтқыштарды себудің тәсілдері мен мерзімдерін айқындау, |

| | |
|---|---|
| | - басқа астық егу арқылы топырақты тыңайту,<br>- жерді эррозиядан қорғайтын басқа да тәсілдер,<br>- егісті нығыздау.<br>Эмитеттің бір топ компаниялары астық өндіретін елдер ауысқан қазіргі заманғы топырақты қорғайтын және ресурсты сақтайтын жаңа-нөлдік технологияларды қолдануды жоспарлап отыр. |
| Табиғи климаттық | Қазақстанның жағдайындағы астық өндіру табиғи факторларға да байланысты, атап айтқанда топырақтың ылғалмен қамтамасыз етілуі. Ылғалдың жетіспеуі, өсуі кезеңінде жаңбырдың болмауы астықтың кемуіне әкеп соқтырады.<br>Осы тәуекелдерді жою үшін мынаны қолданады:<br>- жаңа жоғары өнім беретін бидай сорттарын пайдалану, атап айтқанда «Ақмола2», ол Солтүстік Қазақстанның құрғақ далалы аймақтарында 20-25ц/га астығына беретін мүмкіндігі бар перспективті сұрып болып табылады. Элита тұқымын себу булы учаскелерде тұқым алу үшін және егіннің құрылымында осы сұрыптың үлесін арттыру үшін өндіріледі.<br>- жаңа-нөлдік технологияны пайдалану еншілес кәсіпорын лизингіге сатып алған қазіргі заманғы ауыл шаруашылық техниканың көмегімен топырақта өнімді ылғалды жинақтауға ықпал ететін және сонымен түсімділікті арттыруға ықпал ететін аграрлық тәсілдерді қолданады.<br>Шегірткенің және басқа да құрт-құмырсқалар мен аурулардың шабуылы.<br>Осы тәуекелдермен күрестің негізгі шаралары - қазіргі заманғы анықтаулар мен зиянкестер мен ауруларды улы химикаттармен жою, есін егу алдындағы тұқымды фунгицидтермен өңдеуден өткізу, гербицидтер мен пестицидтерді қолдану. |

## 4. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ХАЛ-АХУАЛЫ 30.09.2008ж.

### 27. Инвестиция

01.10.2008ж. жағдай бойынша қоғамда басқа заңды тұлғалардың капиталында мынадай инвестиция бар:

**мың. теңге**

| Атауы | Инвестицияның сомасы | Жарғылық капиталдағы үлесі, % |
|---|---|---|
| «Атамекен-Агро-Тимирязев» ЖШС | 17 824 | 91,2 |
| «Атамекен-Агро-Корнеевка» ЖШС | 18 080 | 51,0 |

### 28. Дебиторлық берешегі

**мың. теңге**

| Атауы | Сома | Өтеу мерзімдері | Негіз | Үлесі, активтер сомасының пайызы |
|---|---|---|---|---|
| «Атамекен-Агро-Есиль» ЖШС | 264 790 | 30.11.2008ж. | Қосалқы бөлшектер мен улы химикаттарды жеткізу | 7,3 |
| «Атамекен-Астык» ЖШС | 1 198 937 | 30.11.2008 ж. | Уақытша қаржылық көмек | 33,1 |
| «Мичуринский» ЖШС | 183 639 | 30.11.2008 ж. | Қосалқы бөлшектер мен улы химикаттарды | 5,1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | жеткізу | |
| «Шатило и К» ЖШС | 507 222 | 30.11.2008 ж. | Қосалқы бөлшектер мен улы химикаттарды жеткізу | 14,0 |
| «Атамекен-Агро-Корнеевка» ЖШС | 239 548 | 30.11.2008 ж. | Қосалқы бөлшектер мен улы химикаттарды жеткізу | 6,6 |
| «Акме-Астана» ЖШС | 188 306 | 31.12.2008 ж. | Астық жеткізу | 5,2 |

## 29. Активтер

Қоғамның құны активтердің балансток құнының бес және одан көп пайызын құрайтын мүлкі жоқ.

## 30. Қоғамның жарғылық және меншік капиталы туралы мәлімет

**мың. теңге**

| | |
|---|---|
| **Жарғылық капитал** | **131** |
| **Меншік капитал** | **892 036** |

## 31. Қарыздар

**мың. теңге**

| Кредитордың атауы | Қарыздың түрі | Валюта | Пайыздық мөлшерлеме | Сома | Қарыздарды өтеу кестесі | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 2 кв 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2018 |
| «Астана-финанс» АҚ | қарыз | EUR | 15,5 | 128 293 | 32 000 | 32 000 | 32 000 | 32 000 | |
| | облигациялар | KZT | 17,0 | 568 665 | | | | | 568 665 |

## 32. Қоғамның негізгі қызметті жүзеге асыруына байланысты кредиторлық берешегі (жеткізушілер алдындағы берешегі, алған авансттары)

**мың. теңге**

| Атауы | Сома | Өтеу мерзімдері | Негіз | Үлесі, активтердің жалпы сомасынын пайызы |
|---|---|---|---|---|
| «Атамекен-Агро» ЖШС | 997 200 | 27.11.2008ж. | Уақытша қаржылық көмек | 27,5 |
| «Сагат СК» ЖШС | 273 226 | 02.10.2008ж. | Уақытша қаржылық көмек | 7,5 |
| «Корпорация Рамут» ЖШС | 199 163 | 20.02.2009ж. | Улы химикаттарды жеткізу | 5,5 |

## 5. ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ХАЛ-АХУАЛЫ

Бұл бөлімді қаржы ұйымдары толтырады. «Атамекен-Агро» АҚ қаржы ұйымы болып табылмайды.

## 6. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

### 44. Тіркелген бағалы қағаздар шығарылымы

1) Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінде 20 000 000 000 теңгеге 2008 жылы 04 тамызда № D12 тіркелген облигациялық бағдарлама.

   Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінде 2008 жылы 04 тамызда № D12-1 тіркелген облигациялық бағдарламаның шеңберінде облигацияларды бірінші шығарған Проспект НИН KZP01Y10D121. Жалпы саны 11 000 000 дана, бір облигацияның купондық, қамтамасыз етілмеген, номиналдық құны 1 000 теңге.

2) Басталған күні – шығарылымның мемлекеттік тіркелген күні;

   Тарату кезеңі – айналымның барлық мерзімі ішінде.

3) Оны қоғам сатып алған кезде акцияның құнын белгілеу тәсілін бекіткен күн – 2008 жылдың 31 наурызы.

4) Қоғамның бағалы қағазды ұстаушылар алдында өзінің міндеттерін орындамаған кезі болмаған.

5) Бағалы қағаздарды тарату және айналымнан тоқтату жағдайлары болмайды.

6) Тарату нәтижесінде жұмсалған соманы көрсете отырып, облигациялар бойынша төлемнің мөлшерін өтеу күні мен жалпы мөлшері:

   2008 жылғы 19 тамыздағы сату-сатып алу шартының негізінде облигациялық бағдарламаның шеңберінде бірінші шығарылған облигациялардың 568 665 данасы таратылды. Тартылған ақшаның сомасы 500 000 042,72 теңгені құрайды. Өтеу күні 2018 жылдың 04 тамызы. 2008 жылдың 01 қазанындағы жағдай бойынша Проспект жөнінде осы бағалы қағазбен сыйақы төленбеген.

7) Бір акцияға есептелген және төленген дивиденттің сомасы:

   Қоғам бұрын акция шығарған жоқ.

8) Қоғамның бағалы қағаздарын сатумен айналысатын негізгі нарықтар:

   «Атамекен-Агро» АҚ-ның облигациялық бағдарламасының шеңберінде бірінші шығарылымдағы облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми тізіміне енгізілді.

## 7. ЖАРИЯЛАНҒАН АКЦИЯЛАРДЫҢ ШЫҒАРЫЛҒАНЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

### 45. Акциялар туралы мәліметтер

1) саны, акция түрі;

«Атамекен-Агро» АҚ-ның жарияланған акцияларының саны 20 000 000 (Жиырма миллион) дана, оның ішінде:

Қарапайым акциялар – 15 000 000 (Он бес миллион) дана;
Артықшылықты акциялар – 5 000 000 (Бес миллион) дана.

2) құрылтайшылардың арасында таратылған акциялардың саны, түрі:

Құрылтайшыларға 9 000 324 (Тоғыз миллион үш жүз жиырма төрт) дана қарапайым акция таратылады.

3) Құрылтайшылар төлейтін бір акцияның номиналды құны:

Құрылтайшы төлейтін бір қарапайым акцияның номиналды құнының әрқайсысы 86 (Сексен алты) теңге 60 тиын.

4) Артықшылықты акциялар бойынша дивиденттің кепілдендірілген мөлшері:

200 (Екі жүз) теңге. Төлеуді бастайтын күн акционерлердің жалпы жиналысында

белгіленеді, бірақ акционерлердің жалпы жылдық жиналысын өткізген сәттен бастап 60 күнтізбелік күннен кешіктірілмейді. Айналымның бірінші күні бір артықшылықты акцияға дивиденд мына формула бойынша есептеледі:

200 / 365 * N , мұнда:

N – бастапқы тарату күнінен дивидендінің төлеген күнге дейінгі күндердің саны.

**46. Қоғамның бағалы қағаздарының айырбасталатын бағасы**

«Атамекен-Агро» АҚ-ның даңғыл әзірленген сәтте айырбасталымды бағалы қағаздары болған жоқ.

**47. Төлем агенті туралы мәліметтер**

Даңғыл әзірленген сәтте төлем агенті болған жоқ.

**48. Акционерлік қоғамның тіркеушісі туралы мәлімет**

Эмитеттің тіркеушісі «АЛҒАШҚЫ ТӘУЕЛСІЗ ТІРКЕУШІ» акционерлік қоғамы болып табылады.
Мекен-жайы: 050060, Алматы қаласы, Құсайынов көшесі, 225, 321 офис, тел.:+7-(727) 227-61-49
Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға Лицензиясы №0406200360, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау агенттігі 2005 жылы 08 сәуірде берген.
2007 жылғы 09 қарашадағы № 2 шарт.

## 8. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

**49. Акцияны шығаруға кететін шығындардың сомасы**

Шығындар шыққан жоқ.

**50. Инвесторлар үшін ақпарат**

Әлеуетті инвесторлар Эмитенттің Жарғысымен, Акциялар шығарылымының проспектімен, осы құжаттарға енгізілген өзгертулермен және толықтырулармен, Акцияларды орналастырудың қорытындылары туралы есептермен танысуды, сондай-ақ Эмитенттің қызметі туралы мәлімет алуды мына мекен-жайда жүзеге асыра алады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қ., жаңа ет комбинаты ауданы, у 30 үй.
Қоғамның қызметі туралы ақпарат «Казахстанская правда» газетінде жарияланады.

**Қаржы-шаруашылық**

**қызметті жүргізуге уәкілетті тұлға** **Джазин Ф.А.**